

## Карантинді тоқтату туралы

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының Жайсаң ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 03 желтоқсандағы № 7 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8- тармағына сәйкес, "Мәртөк аудандық аумақтық инспекциясының Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 11-3/583 "Жайсаң селолық округінде ірі қара малдарының қарасан ауруы бойынша карантинді алуға" ұсынысы негізінде, Жайсаң ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мүйізді ірі қара малдарының арасында қарасан ауруының анықталуына байланысты Мәртөк ауданы Жайсаң ауылдық округінің аумағында белгіленген карантин алынып тасталсын.

2. Жайсаң ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 4 "Карантин белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 4543 болып енгізілген, 2015 жылғы 29 қазандағы "Мәртөк тынысы" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

*Жайсаң ауылдық округінің әкімі:*

*Ж. Есмұхамбетов*